

Түркістан облыстық мәслихатының "Түркістан облысының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидаларын бекіту туралы" 2020 жылғы 30 қазандағы № 53/548-VII және "Түркістан облысының елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 4 ақпандағы № 2/13-VII шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облыстық мәслихатының 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 17/221-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 қыркүйекте № 29593 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мыналардың:

1) "Түркістан облысы елді мекендерінде иттер мен мысықтарды асырау және серуендету Қағидаларын бекіту туралы" Түркістан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы № 53/548-VII шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5885 болып тіркелген);

2) "Түркістан облысы елді мекендерінде қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою Қағидаларын бекіту туралы" Түркістан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 4 ақпандағы № 2/13-VII шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6057 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облыстық мәслихатының хатшысы

К. Балабиев